

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 137 (9199)

1953 жылғы 11 июль Сенбі

Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

## СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ ТУРАЛЫ ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

Жуырда Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің пленумы болды.

СОКП Орталық Комитетінің пленумы, Л. П. Берияның шетелдік капиталдың мүдделері үшін Совет мемлекетін әлсіретуге бағытталған және ССРО Ішкі істер министрлігін үкмет пен Совет Одағының Коммунистік партиясынан жоғары қоюға

### ССРО Жоғарғы Советінің Президиумында

Соңғы кезде Л. П. Берияның шетелдік капиталдың мүдделері үшін совет мемлекетін әлсіретуге бағытталған мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттері ашылуы себепті, ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы, ССРО Министрлер Советінің бұл мәселе жөніндегі хабарын қарап, қаулы етті:

тырысқан аулымдық әрекеттерінен айқын көрінген, партияға қарсы және мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттері туралы Орталық Комитет Президиумының— Г. М. Маленков жолдастың баяндамасын тыңдап, талқылап, Л. П. Берия Коммунистік партия мен совет халқының жауы болғандықтан СОКП Орталық Комитетінің құрамынан шығарылып және ол Совет Одағының Коммунистік партиясының қатарынан шығарылып деп қарар қабылдады.

1. Л. П. Берия ССРО Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары қызметінен және ССРО Ішкі істер министрі қызметінен алынып.
2. Л. П. Берияның қылмысты әрекеттері туралы іс ССРО Жоғарғы сотының қарауына беріліп.

## Партияның, үкметтің, совет халқының мызғымас бірлігі

Мызғымас қуат пен творчестволық күшке толы совет елі коммунизм құрылысы жолында сеніммен алға басып келеді. XIX съездің қарарларын жүзеге асыра отырып, Совет Одағының Коммунистік партиясы өзінің Орталық Комитетінің басшылығымен халық шаруалылығының барлық салаларының мықтап өркендеуін қамтамасыз етті. Коммунистік құрылыстың аса ұлы міндеттерін орындай отырып, совет халқы партия мен үкметтің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасты. Отанымыздың экономикалық және қорғаныс қуаты үздіксіз нығайып келеді, жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның, барлық совет адамдарының тұрмыс жағдайы оған әрі жақсарту саласында едәуір табыстарға қол жетті.

Бізге қуатты социалистік индустрия, социалистік экономиканың негіздерінің негізі — жан-жақты өркендеген ауыр өнеркәсіп бар. Біздің машина жасау өнеркәсібіміз халық шаруашылығының барлық салаларын кәзіргі заманғы техникамен қамтамасыз ете отырып, үздіксіз өр-

дестірін, өз агентурасының бүлдіру әрекеттерін күшейтуде.

Бүгін «Правда» Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің пленумы туралы хабар жарияланып отыр. Бұл хабарда былай делінген:

«СОКП Орталық Комитетінің пленумы, Л. П. Берияның шетелдік капиталдың мүдделері үшін Совет мемлекетін әлсіретуге бағытталған және ССРО Ішкі істер министрлігін үкмет пен Совет Одағының Коммунистік партиясынан жоғары қоюға тырысқан аулымдық әрекеттерінен айқын көрінген, партияға қарсы және мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттері туралы Орталық Комитет Президиумының— Г. М. Маленков жолдастың баяндамасын тыңдап, талқылап, Л. П. Берия Коммунистік партия мен совет халқының жауы болғандықтан СОКП Орталық Комитетінің құрамынан шығарылып және ол Совет Одағының Коммунистік партиясының қатарынан шығарылып деп қарар қабылдады».

ССРО Жоғарғы Советінің Президиу-

отырып, Берия мұндай нұсқаулардың жүзеге асырылуын қаса-қана бөгеп келген, ал, бірқатар жағдайда бұл нұсқауларды бұрмалауға тырысқан.

Бұларға болмайтын фактілер мынаны көрсетеді: Берия коммунистің бейнесінен айрылған, буржуазияшы азғынға айналған, іс жүзінде халықаралық империализмнің агенті болған. Осы авантюрист және шетелдік империалистік күштердің малайы біздің Коммунистік партияны іс жүзінде қыйрату және ұзақ жылдар бойы партия жасап келген саясатты сайып келгенде капитализмді қайта орнатуға әкеліп соқтыратын тізе бүгушілік саясатпен ауыстыру мақсатымен, партияға және елге басшылық ету ісін басып алу жоспарларын көкейінде сақтап келген.

СОКП Орталық Комитеті Президиумының дерезінде қолданған және партияның Орталық Комитетінің пленумы бір-ауыздан, толығымен мақұлдаған батыл шаралары арқасында, —Берияның партияға қарсы және мемлекетке қарсы қылмысты ісін әлсіреткендігі Берия-

уақытта ұмытпау керек, сөйтіп, империалистік разведкалар мен олардың жалдамалыларына қарсы біздің қаруымызды әрқашан өткір ұстау керек.

Қызметкерлерді саяси және іскерлік сапасына қарай іріктеп алудың партиялық принциптерін мейлінше батыл сақтап отыру қажет.

Біздің партияның күштілігі мен жеңілетіндігі —оның бұқарамен, халықпен тығыз және үздіксіз байланыстылығында. Міндет мынада болып отыр: осы байланысты нығайтып, кеңейтіп отыру керек, еңбекшілердің тілектеріне мұқият қарап, жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның, барлық совет адамдарының тұрмысын жақсартуға күн-бе-күн қамқорлық жасап отыру керек.

Партияның қасиетті міндеті —ССРО халықтарының мызғымас берік достығын оған әрі баянды ету, біздің көп ұлтты социалистік мемлекетімізді ығығайта беру, совет адамдарын пролетарлық интерна-

Коммунистік партияның басшылығымен, оның жауынгерлік туының төңірегіне тығыз топтасқан совет халқы өзінің ұлы тарихи ісін жасауда. Партияның, үкметтің және халықтың тығыз бірлігімен топтасқан біздің еліміз өз жолымен —жеңімпаз коммунистік құрылыстың даңқты жолымен берік сеніммен алға баса береді.

## Комбайндарды жөндеу тез аяқталсын

Колхоздарда быыл егінің біркелкі және жиі өсу ерекшеліктері егін жыйнау маусымын барлық жағынан толық әзірлікпен бастауды талап етеді. Сондықтан да облыс МТС-тері алдында жауапты міндет тұр. Ол —келесі жылдың егісіне жер дайындау, жыртылған парды өңдеу, жемішпен дайындау жұмыстары мен комбайн паркін егін жыйнауға әзірлеуді ұштастыра жүргізу болып есептеледі.

Алдыңғы қатарлы Преснов, Шағлы және Булаев МТС-терінің механизаторлары бұл міндетті мінсіз орындай отырып, комбайндарды егін жыйнау маусымына әзірлеу сияқты маңызды мәселеге жете көңіл бөлуде. Олар өздерінің барлық күш-мүмкіншіліктерін комбайндарды тез әрі сапалы жөндеуге, сөйтіп, егін жыйнауды қысқа мерзімде ысырапсыз өткізуге жұмылдыруда.

Алайда, бірқатар МТС-тердің басшылары егін жыйнау маусымының маңыздылығына жете мән бермей, комбайндарды жөндеуді олжылыққа ұшыратты. Осының салдарынан облыс бойынша комбайн паркін егін жыйнауға әзірлеу жұмысы мүлдем көшеуілетілуде. 1 июльге дейін МТС-терде комбайндарды жөндеудің жоспары небары 48,4 процент орындалды. Ал, жөндеген МТС-терде жұмыстың қарқыны бұдан да баяу, сапасы нашар.

Әресе, Интернационал, Козовалов, Калинин атындағы, Соколов, Сартомар МТС-терінде комбайндарды жөндеу жұмысы төзгісіз баулықпен жүргізілуде. Интернационал МТС-де машиналарды жөндеуді үлгілі ұйымдастыруға күш-мүмкіншілік, құрал-жабдықтар, жөндеу аспаптары облыстың басқа МТС-терінің қайсысынан болсын артық. Солай бола тұрса да, мұнда комбайн жөндеудің жоспары небары 31 процент ғана орындалды. МТС басшылары комбайндарды жөндеуді тынығлықты ұйымдастыра алмауымен бірге, Мамлют жөндеу зауытына күрделі жөндеуге жататын комбайндардың моторын жеткізуге де мән бермейді.

Аталған МТС-терде комбайн паркін егін жыйнауға әзірлеудің нашар ұйымдастырылу себебі —МТС директорлары мен

өдіс бойынша жүргізілудің орнына, ескі әдістер бойынша жүргізіледі.

МТС-те жөндеген комбайндарды қабылдайтын комиссия жұмысты тек формальді түрде ғана істейді. Бұл комбайндарға сапасыз бөлшектердің тексерілмеген моторлардың орнатылуына әкеліп соғуда. Мәселен, № 22 «С—1» және № 36 «С—6» комбайндары толық жөндеуден өткізілмеген. Ал, № 34, 41, 37, 39, 43, 24, 31 комбайндарының егін оратын бөлшектері дұрыс орнатылмаған және егінің сабағын шөмеледегіні жөндеместен орнатылған. МТС-те комбайндарды жөндеудің қарқыны мен сапасы осындай нашар бола тұрса да, бас инженердің уақытша міндетін атқарушы Стаценко жолдас мастерскойда еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына жетісу орнына, маскүнемдікке салынған.

Жағдай Калинин атындағы МТС-те де (директоры Елкин, бас инженері Скалозубов жолдасар) осындай. Бұл МТС-те комбайндарды жөндеудің сапасы нашар. Байлаушы-механик Плотников жолдас өзінің міндетті жұмысына жауапсыздықпен қарады. МТС-тегі жайбарақаттықты бүркөмелеу мақсатымен МТС директоры Елкин жолдас көзбояушылыққа салынған. Ол № 30 және № 32 «С—1» комбайндарын жөндеу аяқталмаса да жөндеген комбайндардың есебіне қосқан. № 30 комбайнының моторы егін оратын бөлшегі жөнделмеген. № 32 комбайнының егін оратын және егінің сабағын тастайтын бөлшектері орнатылмаған. Басқа жөндеген комбайндарға да сапасыз жөндеген бөлшектер қойылғандығы анықталған.

Комбайндарды дерезінде жөндеуде Мамлют жөндеу зауыты зор роль атқаруға тиіс. Бірақ, мұнда 159 комбайнның моторлары күрделі жөндеуге әкелінсе, одан небары 47 мотор ғана жөндеді. Зауодта әлі күнге дейін 112 комбайнның моторлары күрделі жөндеуден өтпей жатыр.

Облыс МТС-терінде комбайндарды жөндеуді егін жыйнау маусымы басталғанға дейін аяқтауға күш-мүмкіншілік жеткілікті. Мәселе МТС басшыларының жөндеу жұмысын тынығлықты ұйымдастыруында.





